



# Тақырыбы: Туберкулез патоморфозы.

Орындаған:

Топ -204 2-курс.

Қабылдаған: Серікбай М.Қ.

# Жоспар:

- Туберкулезге сипаттама.
- Этиологиясы. Патогенезі.
- Патологиялық анатомиясы.
- Біріншілік туберкулез.
- Гематогенді туберкулез.
- Екіншілік туберкулез.
- Туберкулездің асқыну түрлері.


# Сипаттама.

- **Туберкулез** – созылмалы инфекциялы сырқат, ол өкпеде және басқа ағзаларда өзіне тән белгілі бір өзгерістердің дамуымен сипатталады. Туберкулез **латынша-tubercula** – томпақ, бұдыр деген мағынаны білдіреді. Туберкулез қазіргі күнге дейін кең тараған жұқпалы аурулардың бірі болып отыр. БДҰ мәліметтері бойынша дүние жүзіндегі туберкулезбен ауыратын адамдар саны 15-20 млн.

# Туберкулездің микробактериялары.



# Өкпе кесіндісіндегі туберкулездің көрінісі.



# Этиологиясы.

Туберкулездің жұқпалы ауру екенін бірінші рет француз дәрігері *Вильмен* (1865ж) анықтаған болатын. 1882 жылы *Р. Кох* науқас қақырығынан туберкулез қоздырушыларын тапты. Инфекцияның қайнар көзі науқас адам.

Негізгі жұғу жолдары:

- Тыныс жолдары арқылы
- Тамақ арқылы
- Алиментарлы жолмен
- Жарақаттанған тері арқылы



## Патогенезі.

- Туберкулез патогенезі макро және микроорганизмнің өзара қарым – қатынасына байланысты. Организмнің қорғаушы күшімен микроорганизмнің патогендігі арасындағы тепе-теңдік бұзылғанда ғана туберкулез дамиды. Кейбір жағдайларда туберкулез микробактериялары жергілікті өзгерістер шақырмай-ақ организмге енуі мүмкін. Бұл күйді *латентті микробизм* деп атайды. *Клиникада туберкулез интоксикациясымен көрінеді.*

# Патологиялық анатомиясы.

- А.И Струков (1947)  
туберкулездің төменгі  
клиникалық – анатомиялық  
түрлерін ажыратады: біріншілік  
туберкулез, гематогенді  
туберкулез және екіншілік  
туберкулез.



# Біріншілік туберкулез.

- **Организм туберкулез инфекциясымен алғаш рет кездескенде пайда болады. Әдетте ол әлсіз балаларда және әртүрлі созылмалы сырқаттармен ауыратын ересек кісілерде кездеседі.**
- **Зқұрамнан тұрады:**
- **Алғашқы ошақ (алғашқы аффект);**
- **Әкетуші лимфа тамырларының қабынуы(лимфангит);**
- **Аймақты лимфа бездерінің қабынуы(лимфаденит);**

# Біріншілік туберкулездің өкпедегі көрінісі және рентгенограммасы.



# Біріншілік туберкулез кезіндегі плевраның зақымдануы.



# Біріншілік туберкулез

## құрамдары:

- **Алғашқы аффект** әдетте өкпенің ііі сегментінде, плевра астында пайда болады.
- Лимфа тамырларын бойлай туберкулез төмпешіктері – туберкулезді **лимфангит** пайда болады.
- **Аймақтық лимфа** бездерінде алғашында реактивті арнайы емес экссудативті реакция дамиды, олар тез арада некрозбен және **казеозды лимфаденитпен** алмасады.


# Гематогенді туберкулез.

- Біріншілік туберкулезден кейін дамидын құбылыс . А.И.Струковтың жіктеуі бойынша гематогенді туберкулездің:
- Генерализацияланған
- Өкпе зақымдануының басымдығымен сипатталатын
- Өкпеден тыс ағзалардың зақымдануымен сипатталатын түрлерін ажыратады.

# Гематогендік туберкулездің өкпедегі көрінісі.



# Гематогенді туберкулездің асқыну түрі:



- Туберкулездің аса қауіпті асқыну түрлерінің біріне **туберкулезді менингит** жатады. Әдетте мидың қабықтарының төменгі бөлігі қабынып қалыңдап, сарғыш-жасыл түрге кіреді, кейде осы жерде туберкулез төмпешіктері көрінеді.
- Сирек жағдайларда мида көптеген **туберкулема** ошақтары пайда болып, олардың көлденеңі 2-3см-ге жетеді. Клиникада ми ісігінің белгілерімен көрінеді.



# Өкпедегі рак көріністері.




# Тері туберкулезінің іріңді асқынуы.



# Екіншілік туберкулез.

- Біріншілік туберкулезден жазылған, осы ауруға қарсы шартты иммунитеті бар адамдарда дамиды. Бұл өкпе туберкулезі. 2 фактор әсер етеді:
- Біріншісі- **сытқы фактор**. Туберкулез суперинфекция түрінде яғни организмге туберкулез инфекциясы түскенде дамиды.
- Екіншісі- **ішкі фактор**. Туберкулез организмге ішкі ошақтарда “қалғып” жатқан біріншілік туберкулезден қалған инфекцияның қайта қозуынан дамиды.

# Екіншілік туберкулездің өкпедегі көрінісі.



*Екіншілік туберкулездің бірнеше клиникалық  
–анатомиялық түрлері бар, оларға:*

- Ошақты туберкулез;
- Фиброзды- ошақты туберкулез;
- Сіңбе тәрізді туберкулез;
- Туберкулема;
- Жіті каверналы туберкулез;
- Фиброзды-каверналы туберкулез;
- Циррозды туберкулез;
- Плевра туберкулезі кіреді.

# Ошақты туберкулез.

- Жоғарыда айтылған Абрикосов ошақтарына сәйкес келеді. Олар көне ошақтар жанында эндо-және перибронхит түрінде басталып, тез арада жақын жатқан альвеоларға өтіп ацинозды немесе лобулярлы казеоз пневмония ошағы пайда болады.

# Ошақты туберкулез.



## Фиброзды ошақты туберкулез.

- Капсуламен қоршалған ошақты туберкулездің қайта қозуы нәтижесінде өрістейді. Осыған байланысты экссудация құбылысы күшейіп казеозды некроз ошағы пайда болады.
- **Сіңбе тәрізді туберкулез.** Сіңбе тәрізді туберкулез ошақты туберкулездің әрі қарай даму кезеңі болып есептеледі. Бұл түрдің ерекшелігі ошақтарының айналасында арнайы емес экссудативті қабыну процесінің басым болуы.




# Фиброзды ошақты туберкулез.



# *Туберкулема.*

- Ірі, көлденеңі 2-5 см, жұқа капсуламен қоршалған, казеозды туберкулез ошақтары. Ол негізінен сіңбе туберкулезден кейін дамиды процесс. Кейде туберкулема көлемі өте үлкен алғашқы туберкулез ошағының орнында немесе бірнеше туберкулез ошақтарының бір-біріне қосылып кейін капсуламен оралып қалуы нәтижесінде де пайда болады.


# Туберкулема.



# Циррозды туберкулез.


Каверналы  
туберкулезден кейін  
дамиды. Склерозға  
байланысты өкпе өз  
формасын жоғалтып,  
плеврамен өкпе

арасында  
жабыспалар пайда  
болады.



Гломерулонефрит  
(стенка канальца)


# Өкпе кесіндісіндегі циррозды туберкулез көрінісі.



- Фиброзды- каверналы туберкулез жіті каверналы туберкулезден соң, олардың айналасында қатты капсула пайда болуына байланысты дамиды. Бұл кезде кавернаның қабырғасы үш қабаттан тұрады.
- Оның ішкі қабаты казеозды заттардан түзілген.
- Ортаңғы қабаты туберкулезге тән грануляциялы тканьнен тұрады.
- Ал сыртқы каверна айналадағы дәнекер тканьмен қоршалған.



# Өкпе кесіндісіндегі фиброзды-каверналы туберкулез.



# Туберкулездің асқыну түрлері.

Асқыну түрлеріне жатады:

- Каверна пайда болу
- Кавернадан қан кету
- Пневмоторакс асқынуы
- Өкпелік жүрек
- Амиллоидоз



# Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Абдуллаходжаева М.С “Основы патологии человека.1997
- 2.Ахметқалиев С.Г ,Қамбаров Ж.А “Клиникалық морфологияға кіріспе” 1999
- 3.Саркисов Д.С,Пальцев М.А Хитров Н.К Общая патология человека.1997

